

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 16 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
А.А. Ерғалиевке**

**Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығының
министрі
С.К. Омаровқа**

**Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция
министрі
Б.Т. Сұлтановқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Еліміздің ауылшаруашылық өнімдерінің көп бөлігі экспортқа бағытталған. Солардың бірі - қазақстандық ұн. Біздің ұн - әлемдік беделі бар, сапасына сұранысы көп, жақсы бренд.

Ұн экспорты бойынша әлемде бірінші орында көш бастап келген Қазақстан, қазірде Түркиядан кейінгі екінші орында. Бүкіл халқымыз тұтынатын қазақстандық ұн Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қырғызстан, Түрікменстанға, Қытайға және т.б. елдерге экспортталады.

Қазіргі кезде қазақстандық ұнның негізгі импортері - Орта Азия елдері бізден астықты сатып алып, оны өздері өндегілері келеді. Мысалы, Өзбекстан ұн тарту саласын дамытып, диірменді кәсіпорындар салды. Қазақстаннан

баратын бидайға қосымша құн салығын алып тастады. Ал ұнға, керісінше, баж салығын қосты. Өзбекстандық тасымалдаушыларға теміржол тасымалының ставкасын жеңілдетті (өздеріне 20\$, бізге 54\$). Бидайымыздан ұн шығарып, онымен тек ішкі нарығын қамтып қоймай, біздің 70% ұнымызды сатып алатын Ауғанстанның да нарығын ұнмен қамтамасыз етуге көшті.

Қазақстанның ұн өндіру саласы мемлекеттік қолдау мен дамытуды қажет етеді. 2000-жылдары 2300 ұн өндіретін компаниямыз болса, содан қалған 300-ге жуық диірмендердің 50% банкротқа ұшырап, тоқтап қалған, жұмыс орындары қысқарып, жабылуда.

Мемлекетке салық төлеп, жұмысшыларға айлық беріп отырған кәсіпорындардың кәсіптерін қарқындатуына жағдай жасауымыз керек. Бүгінде осы кәсіпорындардың табыс табуына жол бермейтін көптеген шектеулер мен кедергілер бар. Бұл мәселелерді шешу оңай емес, жүйе дұрыс жолға қойылмағандықтан, қайта өңдеу өнеркәсіптерінің жұмысын тежейтін салықтық кедергілер мен нарықтық тосқауылдар мемлекет тарапынан үлкен қолдаушылық көрсетуді талап етеді.

Астық тасымалдаушы теміржол операторларының тасымал жүйесін үздіксіз қамтамасыз ете алмауы себебінен, тасымал тарифтерін негізсіз көтеру салдарынан еліміздегі барлық диірмен кәсіпкерлері зардап шегіп, бизнестер құрдымға кетіп жатыр.

Мысалы, қазақстандық ұнның 50% өндіріп отырған Шымкент қаласы мен Түркістан облысының диірменді кәсіпорындары жыл сайын келісімшарт бойынша астықты солтүстік өңірлерден жеткізе алмай қиналады. Бұл жағдайға себепкер - астықты темір жолмен тасымалдаушы «АстықТранс» АҚ компаниясы.

Өзіміз бидай өсіріп отырып, астық тапшылығын көрудеміз. Трейдерлер күзде диқандардан бидайды сатып алып, шетелдерге сатып жатыр. Ал, ұн тартатын диірмендер шикізатқа зәру болып отыр. Бұл жағдай да өндірістің құлдырауына әкеледі.

Қазақстан дайын өнім шығарып, өндіріс индустриясын дамытқанда ғана өркендейтінін бәріміз білеміз. Бір ұн өндіретін диірмен бизнесінен бірнеше табыс нысандары ашылады. Нәтижесінде, миллиондаған адамдар тұрақты жұмыс орнын тауып, халықтың жағдайы жақсарады, мемлекет салық базасын кеңейтеді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, аталған министрліктер отандық ұн тартушы диірменді кәсіпорындарды дамыту мақсатында осы жүйенің тиімділігі мен сапасын арттыратын қандай кешенді шаралар жүргізуде?

Өзбекстандағы электр энергияның құны – 8 теңге, біздегі – 24 теңге. Кәсіпкерлікті қолдау үшін 15 жылға берілетін несие - 4%. Осы тұрғыда, біздің отандық ұн тарту өндірісінің бәсекеге қабілетті болуы үшін пайызы аз несие беру, коммуналдық қызметтерді (энергия, су, газ) ең төменгі бағамен ұсыну мәселелері қалай шешілуде?

Евразиялық одақтасуымыз Ресейден экспортталатын бидайдың кедендік баж салығы 50 евроны құрайды. Қазақстандағы бидайға экспорттық кедендік баж салығы қашан енгізіледі?

Жауабын заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша нысанда беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«Қазақстан халық партиясы»
фракциясының депутаттары**

**А. Паяев
А. Қоңыров
Ж. Ахметбеков
Ф. Қаменов
Ғ. Құлахметов
А. Милютин
С. Решетников
А. Сқақова
Е. Смайлов
И. Смирнова**